

# ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ҚОРДЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҮКІМЕТ ҚОРДЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАРДЫ БАСҚАРУДЫ ҚОР ТУРАЛЫ ЗАҢДА ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ ЖАРҒЫСЫНДА КӨЗДЕЛГЕН ҚОРДЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ, СОНДАЙ-АҚ ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕ ӨКІЛДІК ЕТУ ЖОЛЫМЕН ҒАНА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.

Үкімет пен Қордың өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мен мәселелері Өзара іс-қимыл туралы келісімде айқындалған. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және мемлекеттік реттеуге байланысты өкілеттіктерді шектейді. Ол Қордың және ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту және активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық әл-ауқатын арттыру мақсатында қорды басқарады.

Үкімет заңнамада және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, Қорға және оның ұйымдарына олардың ағымдағы және инвестициялық қызметіне араласуды қоспағанда, толық операциялық дербестік береді. Басқарма төрағасын қоса алғанда, Қор басшылығы, сондай-ақ ұйымдардың басшы органдары өз өкілеттіктері шеңберінде шешімдер қабылдауда және іс-қимылдарды жүзеге асыруда толық дербестікке және тәуелсіздікке ие болады.

Жалғыз акционер тікелей шешетін міндеттер тізімі нақты анықталған. Төменде оның ерекше құзыретіне жататын негізгі мәселелерге шолу келтірілген. Бұл аспектілер Қор үшін оның қызметінің стратегиялық және қаржылық нәтижелерін талдау кезінде өте маңызды, атап айтқанда:

- ◆ Қордың Жарғысын бекіту;
- ◆ Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- ◆ Қордың Даму жоспарын бекіту;
- ◆ Қордың Корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- ◆ Қордың дивидендік саясатын айқындау, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Қордың таза табысын бөлу туралы шешім қабылдау, дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- ◆ Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдер қабылдау;
- ◆ Қордың Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- ◆ Басқарма Төрағасын тағайындау және қызметінен мерзімінен бұрын босату;
- ◆ Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ аталған акцияларды сенімгерлік басқаруға беру;
- ◆ Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау.

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі Қордың жарғысында [www.sk.kz](http://www.sk.kz) сайтында ашылған.